

4 мамыр,  
Сәрсенбі,  
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930

жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады.

# Ойыл

## «БІРЛІК, ТАТУЛЫҚ ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК — БІЗДІҢ МЫЗҒЫМАС ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ»

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМДЫҚТАРЫН АЙҚЫНДАП БЕРДІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ «ЕЛ БІРЛІГІ — ЖАҢАРҒАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТІРЕГІ» АТТЫ XXXI СЕССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНА ҚАТЫСТЫ.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӨЗ СӨЗІНДЕ АССАМБЛЕЯ СЕССИЯСЫН ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ӨТКІЗУ ІГІ ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАНЫН ЖӘНЕ МҰНЫҢ ЗОР СИМВОЛДЫҚ МӘНІ БАР ЕКЕНІН АТАП ӨТТІ.



— Бірлік, татулық және бейбітшілік — біздің мызғымас құндылықтарымыз. Оның айрықша маңызы екенін қаңтар оқиғалары кезінде айқын сезіндік. Қазір қатерлі күндер артта қалды. Сол кезде қандай қауіптен бетпе-бет келгенімізді уақыт өткен сайын ұғына түсеміз. Шын мәнінде, біз мемлекеттілігімізді жоғалтып ала жаздадық. Халқымыз қаңтар қасіретінен сабақ ала білуі керек. Енді ондай жағдай қайталанбауы үшін қолдан келгенін бәрін жасауға тиіспіз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы жаңа сын-қатерлердің туындауына ықпал ететін геосаяси ахуалдың ұшығып тұрғанына тоқталды. Оның пікірінше, мұндай жағдайда еліміздің азаматтық бірлестігіне нығайту, отаншылдық рухты көтеруге баса мән беру керек. — «Бірлігіміз — араландықта» деген басты қағидатымыз ешқашан өзгермейді. Біз жас ұрпақты нағыз отаншыл азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Осы ретте саяси және қоғамдық плюрализмнің радикалды сипат алуына жол берілмейді. Әсіресе азаматтарды кемсітуге, олардың ары мен намысын таптауға болмайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, Ассамблея құрылған уақыттан бері азаматтық бірлікті нығайтуға елеулі еңбек сіңірді. — Қазақстан халқы Ассамблеясы жаңа жерде біздің бейбітшілік пен келісім жөніндегі саясатымыздың берік өрі институтоналды тірегі қызметін атқаратынына сенімдімін. Бүгінгі сессияның міндеті — Ассамблеяның саяси жүйені реформалау ісіндегі орны мен рөлін анықтау, оны өрі қарай дамытудың бағытын белгілеу. «Біз өртірліміз — біз теңбіз» қағидаты саяси жаңғырудың іргелі компоненті деген пікірді ұстанамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің үш негізқұраушы басымдығын айқындап берді. Біріншісі — саяси реформаларды жүзеге асыру ісіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін күшейту. — Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі қоспасының жойылуы демократиялық сайлау стандарттарының сақталуына қатысты бірқатар мәселенің күн тәртібінен алынуына септігін тигізеді. Осы ретте Ассамблеядан ұсынылған сенаторлар жалпыұлттық интеграция мен этномәдени араландылық негізінде Қазақстандағы этникалық топтардың барлық мүддесін тиімді қарастыратын болады. Мұндай модель Қазақстанның парламенттік жүйесінің халықаралық тәжірибесі мен ерекшелігіне сай келеді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясынан Сенат депутаттығына ұсынылатын үміткерлерді таңдаудың тиімді өрі ашық рәсімдерін өзірлеу қажет екенін атап өтті. Бұл мәселенің бәрі «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» жаңартылған заңда көрініс табуға тиіс.

— Партиялық және сайлау жүйелерінің реформасы барлық азаматтың сайлау үдерістеріне қатысуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Іс жүзінде тұтас сайлау ландшафтын қамтитын жаңа партиялар пайда болады деп

болжануда. Партиялық тізім, сондай-ақ бірмандатты округтер бойынша үміткерлерді сайлау Қазақстанның этникалық араландығын шынайы түрде көрсетеді. Сонымен қатар этносаралық факторды саясиландыруға және бұл тақырып бойынша арандатушылық сипаттағы талқылауларға да мүлде жол беруге болмайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бұл бағытта Ассамблея тарапынан түсіндіру жұмыстары кең көлемде жүргізілуі қажет деп санайды. — Елімізде тұратын барлық этнос өкілдерінің жалпыазаматтық құндылықтарды құрметтеуі және өздерін Қазақстанмен байланыстыруы аса маңызды. Бұл — Тәуелсіздік жылдарындағы біздің үлкен жетістігіміз. Оны жан-жақты нығайтуға міндеттіміз. Партияларға дауыс бергенде жаңа саяси жағдайда бейбітшілік пен келісімді және халықтың бірлігін қимаса маңызды деп санауға аса маңызды берілді, — деді Мемлекет басшысы.

Ақпараттық жұмыстарды күшейту және Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы әлеуетін арттыру мәселесі екінші басымдық ретінде аталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, еліміздің өрбір азаматы жұртшылықтың алдына шайқанда ұлттық мүдде мен қазақстандық патриотизм қағидаттарын басшылыққа алуы керек. Бұл аса маңызды.

— Болған және болатын сыртқы қақтығыстар азаматтарымыздың арасында ұлтаралық жанжал тудырып, жікке бөлінуге пайдаланылауы керек. Оған жол беруге болмайды. Мұндай арандатушылықтар болып жатыр. Оны көріп отырмыз. Бірақ арандатушылар қайда тұрса да, қандай құжаттармен тұлғасын жасырса да, қалай құбылса да біздің бірлігімізге нұқсан келтірмей, мемлекетімізге дербес саясат жүргізу құқығын бұза алмайды. Бейбітшілік пен тұтастық — басты құндылығымыз, онысы болашақ жоқ екенін бәрі есте ұстауы керек. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ, болмайды да, — деді Президент.

Мемлекет басшысы біздің алуантүрлі мәдениетімізді танытатын бірегей апаратын кеңінен таратуға, ауқымы кеңейіп келе жатқан қазақтілді аудиториямен тығыз жұмыс істеуге шақырды. Оның пікірінше, Қазақстанның дамуына өзге этностардың қосыл жатқан үлесі туралы мемлекеттік тілде айту өте маңызды. Осы бағытта жұмыс істейтін БАҚ-қа қолдау көрсетіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев келесі айда жаңа диалог алаңы — «Ұлттық құрылтайдың» алғашқы отырысы өтетінін хабарлады. Бұл жиын елімізді дамытудың өзекті мәселелерін талқылау үшін қоғамды жұмылдыруға бағытталған. — Бұл жалпыұлттық диалогтың әмбебап моделіне айналады. Құрылтайдың құрамына депутаттар, ҚХА мүшелері, сарапшылар мен құқық қорғаушылар, барлық өңірдің, сондай-ақ Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестердің, бейресми ұйымдардың, бизнес қауымдастықтар мен өндіріс саласының өкілдері кіреді. Ассамблея Ұлттық құрылтаймен бірлесіп, тиімді жұмыс істеуі керек. Себебі, түптеп келгенде, екеуінің бір саясаты — ортақ. Ауқымды

өзгерістерге жастардың да белсене қатысқаны абзал. Кеше тұңғыш рет Қазақстан халқы Ассамблеясының жұлдызды араландығын шынайы түрде көрсетеді. Сонымен қатар этносаралық факторды саясиландыруға және бұл тақырып бойынша арандатушылық сипаттағы талқылауларға да мүлде жол беруге болмайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Үшінші басымдық — құқық қорғау қызметін күшейту. Осы бағытта Ассамблея медиацияға негізделген кәсіби келіссөз жүргізушілердің бірегей институтын қалыптастыруға кірісті.

— Этномедиация оқу орталығын құру керек. Онда тұрақты оқу курстарын ұйымдастырып, аудандық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің басым бөлігі даярлықтан өтуге тиіс. Ақпарат және қоғамдық даму, Білім және ғылым министрліктеріне Мемлекеттік басқару академиясымен, ҚХА Хатшылығымен және басқа да уәкілетті органдармен бірлесіп, осы мәселе жөнінде жүйелі ұсыныстар енгізуді тапсырамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан қоғамының барлық саласы батыл өзгерістер жолына түскенін атап өтті. Осыған байланысты Конституцияға елдің саяси жүйесін түбегейлі өзгертетін толықтырулар енгізу туралы бастама көтерілді.

— Біз жаңа мемлекеттік модельге, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматына көшеміз. Бұл сапалы түрде өзгеруді Екінші Республика деп атауға болады. Жұмыс тобы Ата Занның 33-бабына түзетулер әзірледі. Бұл — тұтас Конституцияның үштен бір бөлігі. Осы өзгерістерді енгізу туралы заң жобасы Конституциялық кеңестің қарауына жіберілді, жақын арада шешімін шығарады, — деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев өзірленген түзетулердің тарихи маңызы бар деп есептейді. Бұл мемлекеттілігімізді дамытудың жаңа кезеңін білдіреді.

— Осы реформалар қолға алынған кезде Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын Парламент қарайды деп ойлаған едік. Бұл — қолданыстағы заңнамда орныққан рәсімнің бәрі. Алайда алдағы ауқымды өрі маңызды өзгерістер ел болашағына айрықша әсер етеді. Сондықтан мен Ата Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде республикалық референдум өткізуді ұсынамын. Референдум — аса маңызды демократиялық институт. Алайда Қазақстанда ол соңғы рет 1995 жылы қазіргі қолданыстағы Конституция бекітілген кезде өткізілді. Одан кейін «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заң қабылданды. Бірақ содан бері Конституцияға төрт рет өзгертулер енгізілгеніне қарамастан, ол іс жүзінде қолданылған жоқ. Конституцияны жалпыхалықтық дауыс беру арқылы өзгерту халық қалауының айқын көрінісі болады деп есептеймін. Референдум өрбір азаматқа ел тағдырын шешуге тікелей қатысуға мүмкіндік береді және жаңа жақты демократияландыру мен Жаңа Қазақстанды құру жолындағы бағытымызды нығайтады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Жаңа Қазақстан дегеніміз, шын мәнінде, Өділетті Қазақстан екеніне тағы да тоқталды. — Жаңа Қазақстан — қарқынды түрде өзгеріп жатқан өлемде ұлттық

бірегейлігімізді нығайтудың жолы. Жаңа Қазақстан ұғымын сан-саққа жүгіртіп, бұрмалауға болмайды. Азаматтардың бәрін ортақ іске жұмылдырмайынша, мемлекеттік аппарат та, қандай да бір саяси шешімдер мен экономикалық тетіктер де елімізді жаңартуға қауқарсыз. Жаңа Қазақстанды құру үшін жеке және қоғамдық құндылықтар жүйесін толығымен реформалау қажет. Біз неопатризм мен патернализмге, сыбайлас жемқорлық пен компрадоризмге түбегейлі тосқауыл қоямыз. Жаңа Қазақстан өңірлік территориясына айналуы керек. Ол үшін тек заңның өрпітерін ғана емес, рухын да ұстану қажет. Заңдар догма емес, ол азаматтардың өзекті мәселелерін шешу үшін жетілдіріліп отыруға тиіс. Заң, әділдік және тәртіп біздің бақуатты өмірімізді айқындайтын нақты факторларға айналады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев диалог мәдениетін қалыптастыру және қоғамда өзара түсіністік пен сенімді нығайту қажет екеніне арнайы тоқталды. Мұның бәрін елдің жарқын болашағы мен халықтың өл-ауқаты үшін қажет. — Біз көзқарастарымыз бен наным-сенімдеріміздегі айырмашылықтарға қарамастан, бір-бірімізді түсінуге және құрметтеуге тиіспіз. Бізді біріктіретін, үйлестіретін ортақ құндылықтарға ұмтылуымыз қажет. Біздің «Өртірлі көзқарас, біртұтас ұлт» деген қағидамыз мызғымайды. Патриотизмнің жоғары құндылықтарын ұлтаралық артықшылық сезіміне алмастыруға, достық пен бірліктің орнына бір-біріне деген өшпенділікке жол берілмейді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы тәубешушілік пен «өзіміз және өзгелер» деп бөлінудің кез келген көрінісінің қатаң түрде жолын кесуге шақырды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы өзінің бірлігін сақтауға, нығайтуға тиіс. Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана Жаңа Қазақстанды құра аламыз деп есептейді. — Біз барлық жоспарымызды міндетті түрде жүзеге асырамыз. Мен бұған кәміл сенемін. Біз Екінші Республиканы бірге құрамыз, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз! Өр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін өділ өрі дамыған мемлекет боламыз! Сөз соңында сіздерді алда келе жатқан Қазақстан халқының бірлігі күнімен және Ораза айт мерекесімен құттықтаймын! — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сессия барысында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі Наталья Алашаникова, «Қазақстан корейлері қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Сергей Огай, «Халықаралық қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігінің вице-президенті Максим Рожин, саяси шолушы Никита Шаталов, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры Дихан Қамзабекулы, «Азаттық Рухы» агенттігінің тілшісі Надежда Палинка, «Ахыска» түрік этномәдени орталығы республикалық қоғамдық бірлестігінің Нұр-Сұлтан қалалық бөлімінің төрағасы Әскер Пириев және музыкант, блогер Алексей Лодочников сөз сөйледі.

AKORDA.KZ.

**ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫН 7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ ЖӘНЕ 9 МАМЫР – ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ**



**Құрметті ойылдықтар!** Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар мерекесімен және 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 77 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Бір-біріне ұласқан осынау қасиетті де қастерлі мерекелер қарсаңында ардагерлердің қайсарлықтарына, жанкешті ерліктеріне құрмет көрсете отырып, ыстық ықыласпен алғыс айтамын!

Бұл мереке – соңғы демі қалғанша күрескен жанқиярлық ерліктің нәтижесі, халқымыздың ерлігі мен даңқының жарқын көрінісі. Бүгінгі Тәуелсіздік туғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі де Ұлы жеңістің жемісі. Өздеріңізге мәлім, сұрапыл соғысқа 1,5 миллионнан астам қазақстандық аттанып, соның тең жартысы қан майданнан қайтпады. Миллиондаған адам «бәрі де жеңіс үшін» деп, бел шешпей еңбек етті. Қасіреті мол соғыс оты әрбір шаңыраққа тиіп, өшпес дақ қалдырды. Майдан даласында ерліктің нағыз үлгісін көрсеткен аталарымыздың ерлігі бүгінгі ұрпаққа үлгі. Ал, бүгінде қатары сиреп бара жатқан балалығын соғыс ұрпаған бейбіт өмірді ұрпаққа аманат ету біздің перзенттік парызымыз. Біздің ардагерлерге деген құрметіміз олардың ерлігінен кем түспегеуі тиіс. Бүгінгі буын Жеңіс сарбаздары алдында мәңгілік қарыздар.

Бұдан бөлек, Жеңіс күні қарсаңында Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік мерекесі – 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнін атап өтеміз. Биыл ҚР Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл толып отыр. Отан қорғаушылар күні Отанды қадірлейтін, оның тарихын құрметтейтін, ерлік пен жауынгерлік күшке ие нағыз ерлердің мерекесіне айналды. Бұл күн – қайсар мінезді ата-бабамыздың жауынгерлік дәстүрінің заңды жалғасын тапқан күні. Ендеше, айтулы мерекеде барлық бастамалар оң жемісін беріп, еліміздің көркеюіне аянбай еңбек еткен азаматтарымыздың еңселері биік, мерейлері үстем болсын! Ардақты ағайын! Қадірлі жерлестер! Отан қорғаудағы өшпес ерлік пен өлшеусіз данқтың, халқымыздың шексіз қаһармандығы мен мұқалмас жажыр-қайратының ең айтулы мерекесі – Жеңістің 77 жылдығы тағы да құтты болсын!

Біз өрқашан Жеңіс мерекесін аға буынның Отанға, туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз енегесі деп білеміз. Ерліктері еліміздің тарихи шежіресінде мәңгі орын алған, елге мұра, ұрпаққа ұран болған батыр бабалар аманатына адал болайық. Халқымыз «Ер – елінің қорғаны» десе, батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа тұс, күймейсің!» деген сөздері ел намысын өз тағдырынан өрқашан жоғары қойды.

Киелі өміріміз талай батырлар мен оғандардың Отаны болғаны баршаға аян. Бүгінгі мерейлі мерекеде бар өмірін әскери қызметке арнап, өз қызметін мінсіз атқарып жүрген сардарларымыз бен сарбаздарымызға алғысымызды білдіреміз.

Тәуелсіздігіміз бен бейбітшілігімізді қас қақпай күзетіп, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін! Бейбітшілікті мақсат еткен Тәуелсіз еліміздің абыройын асқақтата түсетін қуанышты күндер көп болсын! Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға шаттық пен бақыт тілеймін!

Мәңгілік Еліміздің болашағы жарқын, Ұлы Дала ұрпақтары намысты болсын! Жеңістің туы желбіреп, еліміздің абыройы арта берсін!

**Құрметпен, Ойыл ауданының әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев**

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫ ХАТШЫСЫНЫҢ ШЕШІМІ**

**28 сәуір 2022 жыл № 13 Ойыл селосы**

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс он екінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына және аудан әкімінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі №01-05/335 ұсынысына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:** Жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс он екінші сессиясы 2022 жылдың 6 мамыры күні сағат 10.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

1. Ойыл ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы

2. Ойыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 мамырдағы №236 «Аудан әкімдігінің жанындағы қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын органдар мен мекемелердің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі комиссия құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Хабарламашы: Иманғалиев Б.Ж. - аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің

басшысы

3. Басқа да мәселелер.

Аудандық мәслихат хатшысы: (қолы қойылған) **С.Ф.Займолдин**

**ГАЗЕТИМІЗДІҢ КЕЛЕСІ САНЫ 13 МАМЫР, ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.**



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ЖАНИЫДАҒЫ ҚОҒАМДАСТЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН ӨТКІЗГЕН ЖИНАЛАСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

**28 сәуір 2022 жыл**
**№6 Саралжын ауылы**
2022 жылы 28 сәуірде күні сағат 15<sup>00</sup>-де Саралжын ауылдық округінің Саралжын ауылдық клубында жергілікті қоғамдастық комиссия мүшелерінің жиналысы өтті.

Жиналысқа қатынасұға тиісті сайланған жергілікті қоғамдастық комиссия мүшелері - 15. Қатысқаны - 15.

Төрағалық етуші: Өмірғали Аманғали Исағалиұлы – жергілікті қоғамдастық кеңес төрағасы.

Хатшысы: Ж.Иманғалиев - жергілікті қоғамдастық кеңес хатшысы.

КҮН ТӨРТБІНДЕ:

1. Саралжын ауылы Кеңес көшесінің идеологиялық тұрғыдан ескірген көше атауын өзгерту туралы

Тыңдалды:

М.Тажигалиев – Саралжын ауылдық округінің өкімі:

Құрметті ауыл тұрғындары! Бүгінгі жиынның күн тәртібіндегі бір сұрақ – көше атауын өзгерту. Республикалық ономастика комиссиясы мақұлдаған, Қазақстан Республикасының Президент өкімшілігімен келісілген «Жер-су атаулары» және «Тарихи тұлғалар» тізімдерін қарап Саралжын ауылындағы Кеңес көшесіне жаңа атау беруді ұсынамын.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары бекіту туралы» қаулысына сәйкес жергілікті атқарушы органдар ауылдық округтің өкімімен бірлесе отырып, жергілікті қоғамдастық жиналасын өткізу мерзімін анықтайды және БАҚ-нда хабарландыру орналастырылды. Соған сәйкес «Ойыл» газетінің 29 наурыздағы №23 (7906) санына хабарландыру жарияланды. Белгіленген күні жиналыс аяқталған соң, қорытындысы жарияланып, хаттамамен рәсімделетін болады.

Сонымен, ұсынылып отырған көшелер атаулары:

1. Өжібай би – (1699-1778 жж.) Ақтөбе облысы Би, батыр.

Шығып сөйлегендер:

Туремуратов Спартак Шеруенович – қоғамдастық кеңес мүшесі:

- Құрметті ауыл тұрғындары, Кеңес көшесі атауының идеологиялық тұрғыдан ескіруіне байланысты Өжібай би атауын беруді ұсынамын. Белгілі үш дананың бірі Өйтеке бидің ақ жолын жалғастырған Өжібай бидің есімін қанша дерінтсек те артық емес.

**Кожкаров Отесін – ауыл тұрғыны:**

- Мен Кеңес көшесінің тұрғыны ретінде көшеменің атауы «Өжібай би» деп өзгертілiн қолдаймын.

**Дүйсегалиев Амангелді - Кеңес көшесінің тұрғыны:**

- Кеңес көшесіне «Өжібай би» атауын берген жөн. Тарихи тұлғалардың есімін жағыртқанды жөн санаймын.

Мұнан кейін сөз алған көше тұрғындары А.Сапарова, Р.Жұбанов тағы басқалар сөз сөйлеп, алдыңғы сөйлегендердің сөздерін толықтырып, өз ойларын білдірді.

Жиналыста Саралжын ауылындағы Кеңес көшесінің атауын «Өжібай би» атауымен атау мәселесі дауысқа қойылып, барлығы бір ауыздан қолдады.

Қолдаушылар – 15 адам

Қарсы - жоқ

Қалыс қалғандар – жоқ

Жиында айтылған ұсыныс пікірлерді қортындылай келіп, жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жиыны **шешім өтеді:**

1. Аудандық ономастикалық жұмыс тобының және облыстық ономастика комиссиясының кезекті қарауына Саралжын ауылындағы Кеңес көшесіне «Өжібай би» атауын беру ұсынылсын

**Жиынның төрағасы:** **А. ӨМІРҒАЛИ**
**Хатшысы:** **Ж.ИМАНҒАЛИЕВ**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ЖАНИЫДАҒЫ ҚОҒАМДАСТЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН ӨТКІЗГЕН ЖИНАЛАСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

**28 сәуір 2022 жыл**
**№7 Шикүдық ауылы**
2022 жылы 28 сәуірде күні сағат 15<sup>00</sup>-де Саралжын ауылдық округі Шикүдық ауылында жергілікті қоғамдастық комиссия мүшелерінің жиналысы өтті.

Жиналысқа қатынасұға тиісті сайланған жергілікті қоғамдастық комиссия мүшелері - 15. Қатысқаны - 15.

Төрағалық етуші: Өмірғали Аманғали Исағалиұлы – жергілікті қоғамдастық кеңес төрағасы.

Хатшысы: Ж.Иманғалиев - жергілікті қоғамдастық кеңес хатшысы.

КҮН ТӨРТБІНДЕ:

1. Саралжын ауылдық округі Шикүдық ауылының Мектеп көшесінің атауын өзгерту туралы

Тыңдалды:

М.Тажигалиев – Саралжын ауылдық округінің өкімі:

Құрметті ауыл тұрғындары! Бүгінгі жиынның күн тәртібіндегі бір сұрақ – көше атауын өзгерту. Республикалық ономастика комиссиясы мақұлданған, Қазақстан Республикасының Президент өкімшілігімен келісілген «Жер-су атаулары» және «Тарихи тұлғалар» тізімдерін қарап Шикүдық ауылындағы Мектеп көшесінің атауының мән-мағынасы жоқ көше атауы болуына байланысты атауын ауыстыру жөніде ұсыныс келді.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары бекіту туралы» қаулысына сәйкес жергілікті атқарушы органдар ауылдық округтің өкімімен бірлесе отырып, жергілікті қоғамдастық жиналасын өткізу мерзімін анықтайды және БАҚ-нда хабарландыру орналастырылды. Соған сәйкес «Ойыл» газетінің 29 наурыздағы №23 (7906) санына хабарландыру жарияланды. Белгіленген күні жиналыс аяқталған соң, қорытындысы жарияланып, хаттамамен рәсімделетін болады.

Сонымен, ұсынылып отырған көшелер атаулары:

1. Қайрат Рысқұлбеков –(1966-1988жж.) Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушы, Халық Қаһарманы.

Шығып сөйлегендер:

Аренов Нұржан Қамбарұлы– Шикүдық ауылының тұрғыны:

- Құрметті ауыл тұрғындары, Мектеп көшесінің атауы ескіруіне байланысты Желтоқсан төгерілісінің қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков атауын беруді ұсынамын.

**Бейсова Айгүл Ескендірқызы – ауыл тұрғыны:**

- Мен Мектеп көшесінің тұрғынымын, көшенің атауын Қайрат Рысқұлбеков көшесі деп өзгертуіне қарсылығым жоқ, толық келісемін.

**Телепов Бөкжан - Мектеп көшесінің тұрғыны:**

- Мектеп көшесіне «Қайрат Рысқұлбеков» атауын берген жөн. 1986 жылғы 16 желтоқсан күнгі көтерілісте еліміздің егемендігі үшін күрескен ағаларымызды кейінгі жас ұрпақ ұмытпас үшін есімдерін дөріптеп көше атауын берген дұрыс деп санаймын.

Мұнан кейін сөз алған көше тұрғындары А.Сисенғалиев, Д.Мұханбетқазиев тағы басқалар сөз сөйлеп, алдыңғы сөйлегендердің сөздерін толықтырып, өз ойларын білдірді.

Жиналыста Шикүдық ауылындағы Мектеп көшесінің атауын «Қайрат Рысқұлбеков» атауымен атау мәселесі дауысқа қойылып, барлығы бір ауыздан қолдады.

Қолдаушылар – 15 адам

Қарсы - жоқ

Қалыс қалғандар – жоқ

Жиында айтылған ұсыныс пікірлерді қортындылай келіп, жергілікті қоғамдастық комиссия мүшелерінің жиыны **шешім өтеді:**

1. Аудандық ономастикалық жұмыс тобының және облыстық ономастика комиссиясының кезекті қарауына Шикүдық ауылындағы Мектеп көшесіне «Қайрат Рысқұлбеков» атауын беру ұсынылсын

**Жиынның төрағасы:** **А. ӨМІРҒАЛИ**
**Хатшысы:** **Ж.ИМАНҒАЛИЕВ**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ЖАНИЫДАҒЫ ҚОҒАМДАСТЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН ӨТКІЗГЕН ЖИНАЛАСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

**28 сәуір 2022 жыл**
**№4 Бестамақ ауылы**
2022 жылы 28 сәуірде күні сағат 10<sup>00</sup>–де Саралжын ауылдық округінің Бестамақ ауылдық клубында жергілікті қоғамдастық комиссия мүшелерінің жиналысы өтті.

Жиналысқа қатынасұға тиісті сайланған жергілікті қоғамдастық комиссия мүшелері - 25. Қатысқаны - 25.

Төрағалық етуші: Өмірғали Аманғали Исағалиұлы – жергілікті қоғамдастық кеңес төрағасы.

Хатшысы: Ж.Иманғалиев-жергілікті қоғамдастық кеңес хатшысы.

КҮН ТӨРТБІНДЕ:

1. Саралжын ауылдық округі Бестамақ ауылының Жасталап көшесінің атауын өзгерту туралы

Тыңдалды:

М.Тажигалиев – Саралжын ауылдық округінің өкімі:

Құрметті ауыл тұрғындары! Бүгінгі жиынның күн тәртібіндегі бір сұрақ – көше атауын өзгерту. Республикалық ономастика комиссиясы мақұлданған, Қазақстан Республикасының Президент өкімшілігімен келісілген «Жер-су атаулары» және «Тарихи тұлғалар» тізімдерін қарап Бестамақ ауылындағы Жасталап көшесінің атауының мән-мағынасы жоқ көше атауы болуына байланысты атауын ауыстыру жөніде ұсыныс келді.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта

атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары бекіту туралы» қаулысына сәйкес жергілікті атқарушы органдар ауылдық округтің өкімімен бірлесе отырып, жергілікті қоғамдастық жиналасын өткізу мерзімін анықтайды және БАҚ-нда хабарландыру орналастырылды. Соған сәйкес «Ойыл» газетінің 29 наурыздағы №23 (7906) санына хабарландыру жарияланды. Белгіленген күні жиналыс аяқталған соң, қорытындысы жарияланып, хаттамамен рәсімделетін болады.

Шығып сөйлегендер:

Нижанов Асылбек – қоғамдастық кеңес мүшесі:

- Құрметті ауыл тұрғындары, Жасталап көшесінің атауының өзгертілуіне қарсымын. Себебі «Жасталап» атауының өзінің тарихы бар. Бұрын «Жасталап» колхоз атауы болған. Сол себепті қарсымыз, көше бұрынғы атауында қала берсін.

**Жалғасов Айбол Тегісбайұлы – ауыл тұрғыны:**

- Мен де Жасталап көшесінің тұрғыны ретінде көшенің атауын өзгертуге қарсымын. Тарихи тереңде, мағынасы жоқ болса да бұрынғы колхоз атауы.

**Бисенова Эльмира Жасталап - көшесінің тұрғыны:**

- Көше атауын өзгертуге қарсымыз, себебі үйдің құжаттарын жасақтау керек, оның барлығына уақыт кетеді.

Мұнан кейін сөз алған көше тұрғындары Д.Қалауов, М.Қошқаров, Д.Нарынбаев тағы басқалар сөз сөйлеп, алдыңғы сөйлегендердің сөздерін толықтырып, өз ойларын білдірді.

Жиналыста Бестамақ ауылындағы Жасталап көшесінің атауын өзгеріссіз қалдыру мәселесі дауысқа қойылып, барлығы бір ауыздан қолдады.

Қолдаушылар – 25 адам

Қарсы-жоқ

Қалыс қалғандар – жоқ

Қоғамдастық тыңдауға қатысып отырған азаматтардың дауыс беру қорытындысы бойынша Саралжын ауылдық округі Бестамақ елді мекенінің Жасталап көшесінің атауы мән-мағынасы жоқ көше атауын өзгерту ұсынысынан бас тартылды.

Жиында айтылған ұсыныс пікірлерді қорытындылай келіп, жергілікті қоғамдастық комиссия мүшелерінің жиыны **шешім өтеді:**

1. Саралжын ауылдық округі Бестамақ елді мекендегі Жасталап көшесінің атауы өзгертілмей сол күйі қалдырылсын.

2. Осы ұсыныс облыстық аудандық, облыстық ономастика комиссиясында қаралсын.

**Жиынның төрағасы:** **А. ӨМІРҒАЛИ**
**Хатшысы:** **Ж.ИМАНҒАЛИЕВ**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ЖАНИЫДАҒЫ ҚОҒАМДАСТЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН ӨТКІЗГЕН ЖИНАЛАСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

**28 сәуір 2022 жыл**
**№5 Ақкемер ауылы**
2022 жылы 28 сәуірде күні сағат 11<sup>00</sup>–де Саралжын ауылдық округінің Ақкемер ауылдық клубында жергілікті қоғамдастық комиссия мүшелерінің жиналысы өтті.

Жиналысқа қатынасұға тиісті сайланған жергілікті қоғамдастық комиссия мүшелері -25. Қатысқаны -25.

Төрағалық етуші: Өмірғали Аманғали Исағалиұлы – жергілікті қоғамдастық кеңес төрағасы.

Хатшысы: Ж.Иманғалиев - жергілікті қоғамдастық кеңес хатшысы.

КҮН ТӨРТБІНДЕ:

1. Саралжын ауылдық округі Ақкемер ауылының Жеткіншек көшесінің атауын өзгерту туралы

Тыңдалды:

М.Тажигалиев – Саралжын ауылдық округінің өкімі:

Құрметті ауыл тұрғындары! Бүгінгі жиынның күн тәртібіндегі бір сұрақ – көше атауын өзгерту. Республикалық ономастика комиссиясы мақұлданған, Қазақстан Республикасының Президент өкімшілігімен келісілген «Жер-су атаулары» және «Тарихи тұлғалар» тізімдерін қарап Ақкемер ауылындағы Жеткіншек көшесінің атауының мән-мағынасы жоқ көше атауы болуына байланысты атауын ауыстыру жөніде ұсыныс келді.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары бекіту туралы» қаулысына сәйкес жергілікті атқарушы органдар ауылдық округтің өкімімен бірлесе отырып, жергілікті қоғамдастық жиналасын өткізу мерзімін анықтайды және БАҚ-нда хабарландыру орналастырылды. Соған сәйкес «Ойыл» газетінің 29 наурыздағы №23 (7906) санына хабарландыру жарияланды. Белгіленген күні жиналыс аяқталған соң, қорытындысы жарияланып, хаттамамен рәсімделетін болады.

**Шығып сөйлегендер:**

Сердалин Мархабат – қоғамдастық кеңес мүшесі:

- Құрметті ауыл тұрғындары, ел еңсесі түсіп емеурін тартқан кездер. Халықтың аса бір күйлі жағдайының болмауы сол кезеңнің келеңсіз тұсы ашаршылықпен сонымен қатар 1937-1938 жылдардағы халық жауы деп айтылғандарының да салдары болуы керек. Саяси реформалардың салдары мән мензеген ата бабаларды да айналай өтпегені хақ, 1939-1940 жылдары қазіргі Атырау облысындағы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған ауылын мекен еткен жұрт өскери полигон ашылуына байланысты бес колхоз осы аймаққа көшірілген. «Жеткіншек» бұл атау Тайсойғандағы колхоздың атауы. Осы жерге қоныс аударғаннан кейін де колхоздың атауын алып қалған Иман атамыздың жолдасы, колхоз басқармасы Балсұлу өжемжі деседі. Басқа колхоздың басқармалары ер адам болғандықтан Балсұлу өжемжіге алғашқы таңдау кезегін ұсынған. Сонда өжеміс осы жерді яны Қарасу өзенінің ийін таңдап, қадасын қадап орамалын байлаған деседі. Содан бері осындай қасиетті жердің тұрғынына айналдық, Ақкемер елді мекені жалпы жанға жайлы, малға сайлы жер екеніне көпке мәлім. Айналымызда да жер атаулары жетерлік. Бірақ сол жерлерден Жеткіншек деген атауды байқамаймыз. Тарихтың таңбалы көзі ретінде Жеткіншек атында қалған жалғыз көше атауы. Сол себепті көпшілік атынан өзгертуеулеріңіз сұралады.

**Кобесинов Алдаберген – ауыл тұрғыны:**

- Мен де Жеткіншек көшесінің тұрғыны ретінде көшенің атауын өзгертуге қарсымын. Мархабаттың ұсынысымен толық келісемін. Жеткіншек колхозы болып Тайсойғаннан көшіп келгеннен аталып келеді. Ата-бабамыздың жерінің атауы.

**Сердалин Марат Жеткіншек көшесінің тұрғыны:**

- Көше атауын өзгертуге қарсымыз, ертеректе Ақкемер ауылы Жеткіншек деп аталған. 82 жылдық тарихы бар, сондықтан көшеміздің атауының Жеткіншек деп атауы өзгертілмегенін дұрыс деп санаймын.

Мұнан кейін сөз алған көше тұрғындары Ж.Бекмуратов, Б.Жалғасов, А.Алдабергенұлы тағы басқалар сөз сөйлеп, алдыңғы сөйлегендердің сөздерін толықтырып, өз ойларын білдірді.

Жиналыста Ақкемер ауылындағы Жеткіншек көшесінің атауын өзгеріссіз қалдыру мәселесі дауысқа қойылып, барлығы бір ауыздан қолдады.

Қолдаушылар – 25 адам

Қарсы - жоқ

Қалыс қалғандар – жоқ

Қоғамдастық тыңдауға қатысып отырған азаматтардың дауыс беру қорытындысы бойынша Саралжын ауылдық округі Ақкемер елді мекенінің Жеткіншек көшесінің атауы мән-мағынасы жоқ көше атауын өзгерту ұсынысынан бас тартылды.

Жиында айтылған ұсыныс пікірлерді қортындылай келіп, жергілікті қоғамдастық комиссия мүшелерінің жиыны **шешім өтеді:**

1. Саралжын ауылдық округі Ақкемер елді мекендегі Жеткіншек көшесінің атауы өзгертілмей сол күйі қалдырылсын.

2. Осы ұсыныс облыстық аудандық, облыстық ономастика комиссиясында қаралсын.

**Жиынның төрағасы:** **А. ӨМІРҒАЛИ**
**Хатшысы:** **Ж.ИМАНҒАЛИЕВ**

## ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ОЙЫЛ АУЫЛЫ АҚШАТАУ ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕ ӨТКЕН КӨШПЕЛІ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ № 2

**28 сәуір 2022 жыл**
**Жергілікті уақытпен 15<sup>00</sup>**
Ойыл ауылында жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар мүшелерінің жалпы саны: 30 адам.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ:

1. Ойыл ауылдық округі өкімі С. Даулетқалиев
2. Жергілікті қоғамдастық мүшелері
3. Ақшатау елді мекені тұрғындары
4. Қойбағаров Серікбай – қоғамдастық жиналысының төрағасы
5. Ерменова Райхан – қоғамдастық жиналысының хатшысы
Жиналысқа қатысатын қоғамдастық мүшелер саны - 30

КҮН ТӨРТБІНДЕ:

Ойыл ауылдық округіне қарасты Ақшатау елді мекенінде идеологиялық тұрғыдан ескірген және мән мағынасы жоқ көшелер атауларын өзгерту туралы

**Тыңдалды:**

С.Даулетқалиев Ойыл ауылдық округінің өкімі:

- Құрметті Ақшатау елді мекені тұрғындары, қоғамдастық мүшелері бүгін сіздермен көшпелі отырыста жергілікті қоғамдастық жиналысында күн тәртібінде айтылғандай осы елді мекенде идеологиялық тұрғыдан ескірген және мән мағынасы жоқ 4 (төрт) көшенің атауын өзгертіміз келіп отыр. Атап айтсақ «Жастар», «Ақжол», «Шалқыма», «Балауса» көшелері. Сіздерге «Тарихи тұлғалар», «Тарихи жер – су атаулары» және «Дестүрлі атаулар» тізімдерінен қарап жаңа атау беруді ұсынамын.

Сөз сөйлегендер:



# АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДАН БАСТАЛАДЫ!

Елімізде адам құқығымен бас бостандықтың қорғалуы бірінші орында тұр. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабында еліміздің ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігінің нақты көрсетілуі сөзімізге дәлел болып табылады. Еліміздің кез-келген азаматы өмір сүруге, бостандықта болуға және оның жеке басына қол сұғылмауына құқылы. Барлық адамдар тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді және барлық адамдарға ақыл-парасат, ар-ождан беріледі.

Әр адам, нәсіліне, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық, немесе өлеуметтік тегіне, мүлкілік, тектік-топтық, немесе басқа да жағдаяттарға қарамастан барлық құқықтар мен бостандықтарға иелі болуы тиіс. Заң алдында жұрттың бәрі тең және де заң арқылы алаланбай, бірдей тең қорғалуға құқылы. Ата Заңымыз Конституциямен, немесе Қазақстан Республикасының Заңмен берілген негізгі құқықтар бұзылған жағдайда, кез-келген азамат құқығын сот арқылы тиісті

түрде қалпына келтіруге құқылы. Биыл елімізде «Балалар жылы» болып белгіленгені баршамамызға мәлім. Бала құқығы ерқашан басты назардан түспеуі қажет. Себебі бала ел болашағы. Баланың жеке өміріне, отбасылық өміріне, баспанасына қол сұғылмай немесе хат жазыспалысы құпиясына не болмаса оның ар-намысы мен абыройына заңсыз араласушылыққа заң аясында жол берілмейді.

Қоғамның барлық топтары, соның ішінде ата-аналар мен балалардың, баланың денсаулығы мен тамақтануы, баланы қоршаған ортаның гигиенасы мен тазалығы және келеңсіз оқиғалардан сақтандыру жайлы хабардар болуын, сондай-ақ білім алуға қол жеткізуді және осындай білімді пайдалануына қолдау көрсетуді қамтамасыз ету қажет.

Елімізде кез-келген баланың өзінің жаңа жасында тұрып, ата-анасынан тиісті тәрбие алуға құқығы бар. Отбасында балаға берілетін тәрбие алдағы уақытта өзіне азық болады. Сонымен қатар баланың өз ата-анасының отбасында және өзге де туысқандарымен тұруына, олармен қарым-қатынас жасауға қақысы бар.

Біздің мемлекетімізде бала құқығы басты назарда. Атап айтқанда

мемлекет баланың жеке басына ершімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді, оны төні және жанын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дөрекілікпен қорлаудан, кемсітуден, қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан, және оны адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандығына қысым жасаудың өзге де түрлерінен қорғауды жүзеге асырады.

Әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес оған тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім және конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуға кепілдік беріледі.

Бала құқығының қорғалуымен болшағының дұрыс қалыптасуына атсалысу баршамамыздың міндетіміз. Еліміздің ертеңімен болшағының жарқын болуы жастардың қолында. Сондықтан бала құқығының қорғалуы болашағының зор болуы бастар назарда болуы тиіс.

**Ж. МАЙЖАНОВ,**  
Ойыл аудандық сотының аға сот приставы.

# ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес, уәкелілік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2022 жылдың 3 мамырынан бастап 18 мамырға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;
- 2) аумақтық сайлау комиссиясының

құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;

- 3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан өкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы тиіс. Сайлау туралы Конституциялық заңның 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2022 жылдың 18 мамырына дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 08:00 ден 17:30 дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12:00-дан 13:30-ге дейін.

Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға - Досов Мыңжасар Кемалханұлы, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефондары 8-702-278-46-99 электрондық пошта: [maslihat.uil@mail.ru](mailto:maslihat.uil@mail.ru)

САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

Учаскелік сайлау комиссиясының номері	Комиссия құрамындағы бос орын саны
№395	1
№408	1

# ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

Уилский районный маслихат в соответствии с пунктом 3 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» объявляет о начале избирательного процесса на вакантные места, выбывшие из членов участковых избирательных комиссий.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политической партии маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 3 мая до 18 мая 2022 года представляют в маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей

избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;

- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах. Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие

родственники (родители, дети, усыновители (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 18 мая 2022 года с понедельника по пятницу с 08:00 до 17:30 часов, перерыв с 12:00 до 13:30 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул. Курмангазин 43.

Ответственное лицо - Досов Мыңжасар Кемалханұлы, междугородний телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 87022784699, электронная почта: [maslihat.uil@mail.ru](mailto:maslihat.uil@mail.ru)

# ҚҰРМЕТТІ ОЙЫЛДЫҚТАР ЖӘНЕ АУДАН ҚОҢАҚТАРЫ! СІЗДЕРДІ ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ, ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ МЕРЕКЕЛЕРІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ СЕЛОСЫНДА ӨТЕТІН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАРҒА ШАҚЫРАМЫЗ!

№	Өткізілетін іс-шаралар	Өткізілу мерзімі	Өткізілу орны
<b>4 МАМЫР – ЖАС САҚШЫ</b>			
1.	«Мен әскерде болғанмын» атты өлеуметтік платформада жастар арасындағы фото челлендж	4 мамыр	Өлеуметтік желі парақшасы
2.	«Жас сақшы» жасақтарымен алғашқы әскери нормативтік сайыстарын ұйымдастыру	5 мамыр	Барлық білім беру ұйымдарында
3.	«Ұранды елдің – ұрпақтары қайсар» әскери-патриоттық ойындарын ұйымдастыру	6 мамыр	Барлық білім беру ұйымдарында Мекеме залдарында
<b>5 МАМЫР – МЕНІҢ ӨКЕМ</b>			
4.	«Ұрпақтар ұмытпайтын Жеңіс» атты сыр сұхбат	5 мамыр сағат 10.00	Коворкинг орталығы
5.	«Ұлы дала ұландары» ер адамдар арасындағы сайыс	5 мамыр	Барлық білім беру ұйымдарында
<b>6 мамыр – Ерлікке тағзым</b>			
6.	Н.Оноприенко, Ш.Берсиев, Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған ескерткіштерді қалыпқа келтіріп, тазалық жұмыстарын жүргізу.	6 мамыр	Ойыл ауылдық округі
7.	«Өлем – өйелмен өсем» көгілдір от думан көші	6 мамыр	Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған ескерткіш алаңдары
<b>7 мамыр – Отан қорғаушы күні</b>			
8.	«Ерлер - жердің қорғаны, елдің тұтқасы» атты мәдени көпшілік шара	7 мамыр сағат: 10.00	«Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» атындағы орталық саябақ
9.	Отан қорғаушылар күніне орай ұлттық ат спортынан (тай жарыс, жаппай көкпар, аударыспақ, т.б.) жарыс.	7 мамыр сағат: 11.00	Байге алаңы
10.	«Қасым» көркем фильм көрсетілімі	7 мамыр сағат: 20.00	Ойыл аудандық мәдениет үйі
<b>9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні!</b>			
11.	«Ерлікке тағзым» тақырыбында еске алу шараларын ұйымдастыру, ескерткіш алдарына гүл шоқтарын қою.	9 мамыр сағат: 10.00	Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған ескерткіш алаңы
12.	«Әскери асхана»	9 мамыр сағат: 10.00	Мәдениет үйі алаңы
13.	«Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» мерекелік мәдени шара	9 мамыр сағат: 11.00	Мәдениет үйі алаңы
14.	«Желбіре, жеңіс жалауы» атты мерекелік гала концерт	9 мамыр сағат: 20.00	Мәдениет үйі алаңы

# ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ ЖАЛҒАСУДА

Тазалық баршаға ортақ. Туған жеріміздің таза болғанын қалайтын кез келген тұрғын бұл науқаннан сырт қалмауы тиіс. Себебі ауылдың, туған жеріміздің гүлденуі, тап-таза болып тұрғаны тікелей жергілікті тұрғындарға байланысты. Демек, «Ауылыңды қарап - азаматтың таны», - деп бекерге айтпаса керек.

Жер аяғы кеңі салысымен қараойлықтар да тазалық жұмыстарына ерте кірісті. Көктемгі

тазалық айлығы аясында Қараой ауылдық округінде «Таза бейсенбі» акциясы ұйымдастырылып, «Жастар» саябағына және Қазақстан 2030, Астанаға 10 жыл, Тәуелсіздік, Жасқайрат, Еңбеккерлер, Жетікөл, Ынтымақ, Өркениет сынды ауылдың орталық көшелеріне санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізді. Тазалық жұмыстарына 60-қа жуық мекеме қызметкерлері атсалысты. «Жұмыла көтерген жүк

жеңіл» - демекші, тазалық жұмыстарына 4 техника жұмылдырылып, қазіргі таңда 10 тонна құл-қоқыс мен тұрмыстық қалдықтар арнайы орындарға шығарылды. Тұрғын үйлердің сыртқы қасбетін түзеп, өктеу, қоршаулары жөндеу, сырлау жұмыстары қызу жүргізіліп келеді. Тазалық жұмыстары кезінде төртінке бағынбаған кейбір азаматтарға ескертулер берілді.

**Өз тілшіміз.**

# «ӨРТ - ТІЛСІЗ ЖАУ»

Оны ешқашан есімізден шығаруға болмайды!

Адам өміріне, қоршаған ортаға орасан шығын әкелетін өрт оқиғасы деп айтылып, жазылғанымен өлді болса немқұрайлықпен қараудамыз. Сондықтан, осы кезде өрт қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ең басты мәселе адам өмірі мен мемлекеттің мүлкін өрттен қорғау болып табылады.

Өрт – тілсіз жау. Ол адамдарға қасірет әкеліп, материалдық шығындарға ұшыратады. Сондықтан да өрттен сақтану мәселесіне өр кез үлкен жауапкершілікпен және сергектікпен қарамаса ол онык жегізеді.

Өрттің пайда болу себебінің басым бөлігі адам фактордан, яғни, тұрғындармен қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуынан және от қолдану кезіндегі абайсыздықтан. Осыған байланысты, аудан тұрғындары мен қонақтарынан төменде келтірілген өрт қауіпсіздігі мен ережелерін қатаң сақтау қажет екендігін ескертеміз!



қолданылатын және сақталатын өртүрлі шеберханалар мен қойма үй-жайларын орнатуға жол берілмейді.

4. Мыналарға:
  - 1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына;
  - 2) электр жеткізу желілерінің астына;
  - 3) учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді.

Көшелерде, жолдарда, аулалық учаскелерден тыс шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын орналастыруға жол берілмейді.

Сонымен қатар өрт қауіпті кезеңінің басталысымен орман және дала алқаптарында өрттердің туындау қауіп қатері өседі.

Осыған байланысты далалық жерлерде құрғақ шөптердің жанын алдын алу үшін:

1. Шаруа қожалықтары шөп шабу жұмыстарын жүргізу кезінде әрдайым өрт қауіпсіздік шараларын қатаң түрде сақтауы. Техникаларына уақытылы техникалық қызмет көрсетіп қалыпты жағдайда ұстап, алғашқы өрт сөндіру

жүзеге асырылуы тиіс;

2. Тас жолы бойында жүретін автокөлік жүргізушілері темекі тұқылын сөндірмей тастамау;
3. Табағат аясында демалыс уақытын өткізу және кезекпен мал бауу кезінде, от жақпау, темекі тұқылын сөндірмей тастамау, тез тұтанғыш қоқыстарды шашып тастамау қажет.

Өрт кезінде жергілікті тұрғындардың уақытылы хабарлап, бір адамдай тілсіз жауды дер кезінде тоқтатуға ауыз біршілігіміз мол болып шықпайтындығымызға өкінеміз. Өкініштің арты неге көкілің соғағанын берімізде мөл.

Сондықанда ағайын, бір жеңнен қол шығарып, бір жағадан бас шығарып тілсіз жауға жол бермейк.

Есіңізде болсын! Өрт кезінде салқынқандылық танытыңыз, өрт күзетін «101» немесе «112» телефоны бойынша шақыртып, өзіңіз бен жақындарыңызды құтқару үшін қажетті шараларды қолданыңыз, өрт сөндірушілермен кездесуді ұйымдастырып, жану ошағына тез жетер жолды көрсетіңіз.

Қауіпсіздік шараларын қатаң түрде сақтауы. Техникаларына уақытылы техникалық қызмет көрсетіп қалыпты жағдайда ұстап, алғашқы өрт сөндіру

жөніне қарайтын өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау қажет екендігін ескертеміз!

1. Электр қондырғыларының барлық ток жүргізу бөліктері, тарату құрылғылары, аппараттары мен өлшеуіш аспаптары, сондай-ақ бөлгіш түріндегі сақтандыру құрылғылары, ажыратқыштары және барлық өзге де іске қосатын аппараттары мен аспаптары тек жанбайтын негізге (мрамор, текстолит, гетинакс) орнатылады.
2. Сымдар мен көбілдердің талсымдарын жалғау, ұштау және тармақтау өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дәнекерлеу, бақытып біріктіру немесе арнайы қысқыштар көмегімен жүргізіледі.
3. Тұрғын үйлердің пөтерлері мен жатақханалардың тұрғын бөлмелерінде жарылыс, өрт қауіпті заттар мен материалдар

Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кесіподақ ұйымы осы мектептің мұғалімі Дүйсеғалиева Айнура інісі

**Төлеубаев Нұрматтың** кенеттен қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ ұжымы және кәсіподақ ұйымы кіші қызметкер Абдуллина Қарлығаның жолдасы

**Мұраттың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

**Ойыл**

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров  
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат  
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірін редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1645 дана. Тапсырыс № 559 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.**  
**Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.**  
**Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**



«ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН - ҚАЗАҚ ЕЛІ»



«Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесінің орны ерекше. Жыл сайын осы күні елімізді ортақ Отаным деп білетін ұлыстар мен ұлттар Қазақстан атты киелі шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандарын атап өтіп, жасампаз дәстүрді жаңғырта түседі. Сол дәстүр биыл да жалғасын тапты. Үш күн бұрын ғана өткен Қазақстан халқының Ассамблеясында сөйлеген сөзінде Президентіміз ел ішіндегі мызғымас татулықтың маңыздылығын атап өтті. Тарихтың сан қилы сын сағаттарында қазақ жерін паналап келген көптеген ұлт өкілдері бүгінде бір үйдің баласындай туыс-бауыр болды.

Жалпы тарихқа шегініс жасасақ, 1995 жылдың 18 қазанында ел Президентінің жарлығы бойынша 1- мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні деп жарияланды. Сөйтіп, бұл мейрам Тәуелсіз Қазақстанда 1996 жылдан бастап тойланып келеді.

Өткен аптада орталық саябақта «Ынтымағы жарасқан - қазақ елі» атты мәдени көпшілік шара өтті. Айтұлы шараға арнайы қатысқан аудан әкімі Асқар Қазыбаев Қазақстан халқы бірлігі күнімен барша ойылдықтарды құттықтап, жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар бірлік күнімен тұспа-тұс келген мерейтой иелерін және ауданымыздың өлеуметтік-экономикалық дамуы жолында өзіндік үлестерін қосып келе жатқан бірқатар жандарға алғыс хаттар табыстады. Тарқатып айтсақ,

Г.АБАЙҚЫЗЫ

ОБЛЫС ӘКІМІ АТЫНАН АУЫЗАШАР БЕРІЛДІ

Қасиетті Қадір түні қарсаңында облыс әкімі Оңдасын Оразалиннің атынан ойылдықтарға ауызашар дастарханы жайылды. Бұл рәсімге ауданның құрметті ақсақалдарымен қатар, бірқатар мекеме басшылары, көп балалы аналар қатысты. Ауызашар дастарханын жүргізген «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин он екі айдың сұлтаны болған Рамазан айы Алла Тағаланың мейірім нұры жауатын, сабырлыққа жықаратын кешірім айы екеніне кеңінен тоқталды.

Шара басталар алдында аудан басшысы Асқар Қайырғалиұлы сөз алып, жиналған жұртшылыққа бейбіт өмір, тыныштық тіледі. Одан соң облыстан арнайы келген облыстық мемлекеттік депутаты Бижан Қалмағанбетов облыс әкімінің атынан жамағатты Рамазан айымен

құттықтады. Ойыл аудандық орталық мешітінің бас имамы Нұрсұлтан Серікұлы ауыз бекіткен ағайынды қасиетті Рамазан айымен құттықтап, жылы лебізін жолдады. Сонымен қатар ізгі амалдар мен игі қадамдарға, көп балалы аналар қатысты. Жақсылық пен рақымшылыққа жетелейтін бұл айдың қадір-қасиеті хақында өңгімеледі. Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәрсенбай Аманғосов Рамазан айы мерекесімен құттықтап, жиналған қауымды береке-бірлікке шақырса, еңбек ардагері Өтеген Сағатов ғибратты жылы өңгімелерімен ақ тілегін арнады.

Берекегі отырыста қасиетті қара домбыраның күмбірлеген күйі төгіліп, тағылымды насихат айтылды. Ауызашар соңында Құран оқылып, тәуелсіз еліміздің тыныштығы мен бейбітшілігі, халқымыздың береке-бірлігі үшін дұға жасалды.

Г.АБАЙҚЫЗЫ

МАЛ КҮТІМІ МАРДЫМСЫЗ ТҮРҒЫНДАР ДА ҚАМСЫЗ ҚАРАЙДЫ



Өткен жұмада аудан әкімі Асқар Қазыбаев кезекті іс-сапарын Көптегі ауылдық округінде жалғастырды. Ауыл тұрғындармен кездескен аудан басшысы кездесу жиынында халықтың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, атқарылып жұмыстар мен алдағы міндеттеріне кеңінен тоқталды. Толығырақ тарқатсақ, Амангелді де халық санының табиғи өсімі көңіл қуантады. Бұл жақта жыл сайын 5-6 жаңа үйден салу үрдісі жақсы қалыптасқан. Амангелді орта мектебінде 172 бала білім алуа.

Келесі жылы жаңа оқу жылында мектеп табалдырығын 25 бала аттағалы отыр. Бұл көрсеткіш көңіл қуантақымен Амангелдіде балабақша салу мәселесі өлі күнге дейін шешімін таппай отыр. Сондай-ақ, ауыл тұрғындары көпшілігі отынның тезірек келуін сұрайды.

Ал, Көптегіде биыл көптеген ауқымды істер атқарыла мақ. Округ орталығының 4 көшесі асфальтталып, дөңгелек амбулатория салынады. Оған қоса клубқа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Алайда ауыл тұрғындарының көтеріп отырған көкейкесті мәселесі көктем айларында канадалық өдіспен жасалған жолдың азабынан қашан құтыламыз дейді. Жол сапасыз жасалған. Олай болмағанда канадалық өдістің өлеңі көптегіліктер көп көрді.

Шұбарши - Атырау облысы, Қызылқоға ауданымен шектесіп жатқан шағын ауыл. Ауылдың болашағынан үлкен үміт күтуге болады. Алдағы уақытта көршілес ауданмен аралықты тас жол жалғайтын болса тұрғындардың табыс көзін артып, Шұбарши шұрайлыны шыға келері сөзсіз. Қазіргі таңда шағын ауылдарға мемлекет тарапынан қолдау жоқ емес. Биыл Шұбаршиге ауыл балаларына арналып, заманауи үлгідегі жасанды төсенішті шағын футбол алаңы салынады.

Айта кетсек, қазір барлық ауылдарда малды күтіп бағу жұмыстарында неқұрайлылық басым. Малды бағатын малшылар шыққанымен тұрғындар тарапынан қамсыздық бар. Ешкім қалтасынан артық ақша шығарып, малын күтуге қосуға белсенділік танытпай келеді. Қазіргі таңда тұрғындардың жеке малдары кебеіне байланысты, мал жайылымы тарылып отыр. Содан келіп көп малдың тұяғы ауылдың айналасын тоздырып жатқаны да жасырын емес. Сондықтан тұрғындарды малды бағудың мәдениетін сақтауға шақырамыз.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл-Амангелді-Көптегі-Шұбарши-Ойыл.

ОЙЫЛ МЕШІТІНДЕ ОРАЗА АЙТ ТОЙЛАНДЫ

АДАННЫҢ РУХАНИ ЖАНЫ ДА, ТӨНІ ДЕ ТАЗАРАТЫН ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ АПТАНЫҢ ЖЕКСЕНБІСІНДЕ АЯҚТАЛДЫ. АЛЛА ЖОЛЫНДА ЖҮРГЕН АУДАН АЗАМАТТАРЫ ОРАЗА АЙТ МЕРЕКЕСІН АТАУСЫЗ ҚАЛДЫРҒАН ЖОҚ.



Ораза айт мерекесіне орай Ойыл аудандық мешітінде айт намазы оқылып, ораза айттың қадір-қасиеті туралы енегелі-өрелі өңгімелер айтылды. Қасиетті мерекеді орталық мешітке халық көп жиналды. 30 күн оразаның сауабын арқалап, Алланың ұйына таң сәрінен жиналған жамағат сәждеге бас тигізіп, алпаға құлшылық етті.

Намаз оқылмас бұрын ауданның бас имамы Нұрсұлтан Серікұлы қасиетті мерекенің ерекшелігі туралы уағыз айтты. Содан соң мешітке жиналған мұсылман қауым тілін көлімға келтіріп, жүзін құбылаға бұрып айт намазына жығылды. Ораза Айт намазынан кейін жамағат арасында ұлттық ойындар басталды. Атап айтқанда бір тасын көтеру, қол күресі, күштік экстрим ойындары ойнатылды. Нәтижесінде бір көтеруден Ерсайын Дербісов алдына жан салмаса, қол күрестен Дулат Раушанов қарсылас шыдап пады. Ал, бұқа тартыстан Ерсайын Дербісов тағы да алға шығып, ептілігі мен күштілігін көрсетті. Ойын соңында бірінші орын иеленген жеңімпаздарға сыйлықтар табысталды. Сонымен бірге мешіт ауласында мерекелік дастархан жайылып, ұлттық дәм ұсынылды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

АМАНАЛЛАХТЫҢ ЭССЕСІ І ОРЫН ИЕЛЕНДІ



ҚР Білім және Ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығымен бірлігі өткізілген «Тәуелсіздік-теңдесі жоқ байлығым» атты Республикалық

интернет байқауы 25 сәуір күні қорытындыланды. Байқауға қатысушы оқушылардың эсселері 2022 жылдың 18 ақпанынан 4 сәуірге дейін қабылданған болатын. Байқауға республика деңгейінде жалпы орта, техникалық, кәсіптік және қосымша білім беру ұйымдарының 10-18 жас аралығындағы білім алушылары қатысты. Байқау «Патриотизм - ұлттық рухтың символы», «Ұлттық құндылықтар», «Ана тілім - айбыным», «Рухани - мәдени мұра» тақырыптары бойынша қабылданды. Аталған байқауға, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының 8 класс оқушысы Аманаллах Серікұлы қатысып, «Патриотизм - ұлттық рухтың символы» тақырыбындағы эссесі І орын иеленді. Осы байқау бойынша Аманаллахтың эссесі энциклопедиялық кітапқа ұсынылды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

ТАТУЛЫҚ ТІЛГЕ ҚАРАМАЙДЫ!

Өрине, екі түрлі ұлт өкілінің отбасы құруы 130-дан астам ұлт пен ұлыс мекендейтін Қазақстанда сирек кездесетін құбылыс емес. Олардың тілі басқа болғанымен, тілегі бір, жүзі басқа болғанымен, жүрегі бір. Еліміздің бір бөлшегі Ойылда да интернационал отбасылар да аз емес. Солардың бірі - Серік пен Светлана Жанпейісовтердің шаңырақ құрғандарына 17 жылға аяқ басты.



Екі ұлттың өкілінен құралған отбасының бүгінгі күні түгіні түзу. Жұптары жазылмай, бақытты ғұмыр көшіп келе жатқан отбасының алға қойған мақсаты көп.

«Біздің шаңырақта береке мен бірлік бұлжымас қағида. Дәстүрлерімізді де бөліп-жармай барлығын да атап өтеміз. Ұлттың түрлі болуы татулыққа еш кедергі келтірмейді. Ең бастысы, бір-бірімізге деген сыйластық болса болғаны. Жарым қазақ тілін еркін меңгерген. Ұлттық тағамдарды дайындағанда, салт-дәстүр ұстанымында қазақтан кем емес», - дейді отағасы Серік Жанпейісов.

Орыс ұлты бола тұра Светлана қазақтың ұлттық тағамдарын дайындаудың шебері.

«Алғаш келіп болып түскеннен-ақ, енем мені жылы қарсы алды. Аз уақыттың ішінде барлығын біліп, үйрендім. Қазақ ұлтының салт-дәстүрлерін де жетік білемін», - дейді.

Отбасының иесі Серік Жанпейісов 1980 жылы Ойыл ауданында дүниеге келген. Қазіргі кезде дене шынықтыру-сауатқыту кешенінде күзетші болып жұмыс жасайды. Ұлты орыс болса да қазақ тілінде кейбір қазақтан да жақсы сөйлейтін Светлана ауданымыздың тұмасы, 1983 жылы Ойыл ауданында дүниеге келген. Осындағы орыс орта мектебін бітіргеннен кейін, аудандығы лицейді «Аспазшы» мамандығымен тәмамдайды. Бүгінгі таңда үй шаруасында.

Достықтың арты үлкен махаббатқа ұласқаннан ба, өйтеуір, жас жұбайлар достықты да қатты бағалайды екен. Өмірге деген көзқарастары да бір жерден шығады. Сондай-ақ, қазақ халқының арасында өскендігінің арқасында ұлттық салт-дәстүрлерді, оның құндылықтарын одан өрі жаңғырта түскенін мақтанышпен айтып, ағайын-тума, көрші-көлеммен тату екенін жеткізді. Иә, қазақ пен орыс ұлты өкілдерінен құралған отбасы қазіргі таңда Бақтияр, Данияр, Диас атты 3 ұлды тәрбиелеп, өсіріп отыр. Балалары да қазақ тілі мен орыс тілін жетік меңгерген.

Өзге ұлт болса да қазақтықты бойына сіңірген Светлана апайымызға риза болдық. Татулығы мен бірлігі жарасқан ынтымағына қарап көңіл сүйсінеді. Осындай кеңпейіл де жайдары шаңырақ көпке үлгі боларлықтай.

Ал «Отанның отбасынан басталатынын» ескерсек, Жанпейісовтер өлетіндегі бұл сыйластық еліміздегі тұрақтылық пен татулықтың іргетасын нықтай түсуге өз үлесін қосатыны айтпасақ та түсінікті. Қалай десек те, қазақ халқы секілді кеңпейіл шаңырақтың татулығы көпке үлгі боларлықтай. Кішігірім ассамблеяға айналып отырған, береке мен бірлігі жарасқан отбасыға, шаңырағынан шаттық кетпесін деп тілейміз!

Г.АБАЙҚЫЗЫ

МАЛДЫҢ ӨРІСІ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ!



Өткен сәрсенбі күні аудан әкімі Асқар Қазыбаев Ш.Берсиев атындағы ауылдық округке қарасты Қарасу, Құмжарған ауылдарының тұрғындарымен кездесті. Екі ауылда да аудан әкімі өткен кездесулерде тұрғындардың талап-тілектері бойынша атқарылған істерді жеткізіп, алда тұрған міндеттермен бөлісті. Кездесу барысында мемлекет тарапынан берілетін көмектер, көсіпкерлікті дамыту, малдың күтімі, ауылдың тазалығы сынды мәселелер қозғалды.

Кездесу жиынында құмжарғандықтар елді мекен айналасындағы жайылымдық жерде өзге аумақтың жылқылары жайылып, халыққа қиындық туғызып жатқанын жеткізе, қараталдықтар мектеп пен балабақшаға газ жүргізіп беруін сұрайды. Құмжарғандық тұрғындардың ендігі бір тілегі – ауылдың күре жолмен арадағы үш шақырым. Бұл тілек те алдағы уақытта шешілгелі тұр.

Ал, Қаратал ауылында мал өсімі байқалады. Бірақ мал бағу мәдениеті қалыптаспаған. Сонымен қатар, ауыл тұрғындары айналадағы мал өсірісін тарылып бара жатқандығын тағы да алға тартты.

Құмжарған мен Қарасу тұрғындарымен болған кездесуде аудан әкімі атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы тұрғындардың игілігі үшін жасалып отырғандығын, елді мекендегі өзекті мәселелер ретімен шешілетіндігін айтты.

Г.АБАЙҚЫЗЫ

МЕДИАТОРЛАРДЫҢ МІНДЕТІ - ДАУ-ДАМАЙСЫЗ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ



Өткен аптада Ақтөбе облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Құрания Аймағанбетов пен Ақтөбе облысы әкімінің аппараты «Қоғамдық келісім» мекемесінің заңгер сарапшысы, медиатор Есенбол Әзиев аудан орталығындағы және әр ауылдық округтен келген қоғамдық медиаторлармен кездесті. Оған аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев қатынасып, қоғамдағы медиаторлардың рөлі жайында өңгіме өрбітті. Ақтөбе облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Құрания Мағауияұлы бала тәрбиелеуде, отбасылық жағдайларда жіберетін қателіктердің салдарынан шығатын аяқ-шудың соңын сотқа жеткізбей екі тарапты мәмілеге келтіру, тіл табыса білу осы медиаторлардың шеберлігіне байланысты екенін айтып, дауды шешудің оңтайлы тәсілдеріне мысалдар келтірді.


Ақтөбе облысы әкімінің аппараты «Қоғамдық келісім» мекемесінің заңгер сарапшысы, медиатор Есенбол Әзиев жоғарыда аталған бағыттағы жұмыстарды жүргізу кезіндегі өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, «Баланы жастан» бойына адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, оның тәртібіне тал бесіктен мән беру керектігін түсіндірді. Егер бір түйткілді жағдай мектепте, ауруханада орын алса, осы салада қызмет еткен, өмірлік тәжірибесі бар, екі тарапты да түсіне алатын жандарды медиатор қызметіне алу керектігі айтылды.

Осылайша біздің аудандағы Меруерт Ғаббасова бастаған медиаторлар қоғамдағы мәселелерді көтеріп, дау-дамайлардың шешілу жолдарын талқылады.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ЭЦҚ АЛУ МОБИЛЬДІ ТЕЛЕФОН КАМЕРАСЫ АРҚЫЛЫ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 23 СӘУІРДЕН БАСТАП EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҒАНЫ (ЭЦҚ) АЛУҒА ҰШЫН DIGITAL ID БЕЙНЕ ТЕКСЕРУ КОМПЬЮТЕРДІҢ КАМЕРАСЫ ҚОЛДАНБАСТАН ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ.



Ел тұрғындары үшін ЭЦҚ-ны қашықтан алу процесін одан да қолжетімді және ыңғайлы болды. Бейне тексеру сервисі - Digital ID пайдаланушыларға компьютерде камера болмаған жағдайда немесе жарамыс болған кезде QR -кодтың көмегімен ЭЦҚ-ны қашықтан алу үшін сәйкестендіру рәсімінен өтуге мүмкіндігін береді. Жаңа жаңартулар жеке және заңды тұлғалар үшін қолжетімді.

«ЭЦҚ шығару eGov.kz порталында өте танымал сервис, тек осы жылдың өзінде оны 4,8 млн.рет мемлекеттік қызметтерді алу үшін жасаған. Біз азаматтардан көбінесе компьютерде камера жоқ немесе жұмыс істемейді деген пікір аламыз.

Бұл өзгерістер ЭЦҚ-ны қашықтан алу процесін жеңілдетеді және ыңғайлы етеді», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Конышин.

ПОЛУЧЕНИЕ ЭЦП УДАЛЕННО ЧЕРЕЗ ПОРТАЛ EGOV.KZ БУДЕТ ДОСТУПНО ЧЕРЕЗ КАМЕРУ МОБИЛЬНОГО УСТРОЙСТВА

С 23 АПРЕЛЯ 2022 ГОДА ВИДЕОПРОВЕРКА DIGITAL ID ДЛЯ ПОЛУЧЕНИЯ ЭЛЕКТРОННОЙ ЦИФРОВОЙ ПОДПИСИ (ЭЦП) НА ПОРТАЛЕ EGOV.KZ БУДЕТ ДОСТУПНА БЕЗ НЕОБХОДИМОСТИ ПОДКЛЮЧЕНИЯ КАМЕРЫ НА КОМПЬЮТЕРЕ.

Процесс удаленного выпуска ЭЦП для жителей страны стал еще более доступным и удобным. Сервис видеопроверка - Digital ID дает возможность пользователям пройти процедуру идентификации для удаленного получения ЭЦП с помощью QR-кода, используя мобильный телефон, если отсутствует или не работает камера на компьютере. Новые обновления доступны для физических и юридических лиц.

«Получение ЭЦП очень популярный сервис на портале eGov.kz. Только за этот год этой услугой воспользовались уже порядка 4,8 млн. раз. Мы часто получаем обратную связь о том, что нет камеры, либо она не работает на компьютере. Эти изменения делают процесс

удаленного получения ЭЦП проще и удобнее», - отметил Председатель Правления АО «Национальные информационные технологии» Ростислав Конышин.

Для того, чтобы воспользоваться новыми обновлениями требуется навести камеру телефона на QR код, отобранной на экране компьютера, пройти видео проверку. После успешного подтверждения, необходимо продолжить привычный способ получения ЭЦП на своем компьютере.

Стоит отметить, что видео проверку с помощью QR-кода рекомендуется проходить на своем мобильном устройстве.

Управление по связям с общественностью АО «НИТ»